


НУРА



Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

Туған күніңмен, С днём рождения АСТАНА

Құрметті аудан тұрғындары! Сіздерді елордамыз Астананың 10 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Астана еліміздің жүрегі. Астана – Тәуелсіздік тірегі, тәуелсіздік символы. Астана – жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жарқын бейнесі. Астана – ұлттық жетістік, ата бабаларымыздың орындалған арманы. Астана – ұлттық тарихымыздың аспанында шуағы маңайлап шашқан Шолпан жұлдыз. Астана – бүкіл әлем көз тіккен бүгінгі Қазақстан!

Бүгінде Астана әлемдік сипаты бар қала. Арқа жеріне көшкен қазақ елінің астанасы он жылда танымастай болып өзгерді. Қысқа уақытта қаланың саны үш есеге өсіп, шығарған өнімі 17 есеге артқан. Астана жай елорда ғана емес, елдің қаржы-экономикалық орталығына айналып отыр. Ол адам бір көргеннен оның өсінде мәңгі қалатын әлемдегі әдемі қалалардың бірі болатындай. Оның тұтас ансамблін құрайтын әрбір көшесі, ғимараты, кепірлері езара үйлесімді және көрген сайын көз тартар беретін «сәулетке айналған музыка» іспеттес.

Астана – Елбасының төл перзенті. Қазіргі таңда Астана – Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан халқына бағындырған биік белестер мен қол жеткізген табыстарының жарқын көрінісі болып табылады. Астанадан жаңғыру саясаты, республиканы шикізат державасынақайта инновациялық экономика еліне айналдыру талпынысы бастау алды.

Елорданы көшірудің арқасында билік жас әрі дарынды, заманауи жұмыс тәсілдеріне қанық, болашаққа деген көзқарастары нық, қиындықтан тайсалмайтын жаңа кадрлардың танылуына қол жеткізді. Қазіргі таңда Астана халықаралық ірі орталықтардың бірі ретінде толыққанды мойындалды. Оған мысал ретінде Қазақстан Республикасы 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететіндігі. Сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның Парламентаралық Ассамблеясының 17-сессиясы Астананың 10 жылдығын атап өтүү күндерінде дәл осы шаһарда өтіп жатыр.

Астана – жастар қаласы, білімнің, ғылымның, өркениеттің орталығы. Өйткені, мұнда небір тамаша оқу орындары ашылып жатыр. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетін айтатын болсақ, мұнда ауданымыздың талай жастары білім нәрінен сусындауда. Астана алға ұмтылған арман қала.

Астана – ақталған үміттер мекені. Елорданың торқалы тойы құтты болсын! Баршаңызды жарқын мереке – еліміздің елордасы Астананың 10 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, берекелі және ертеңгі күнге деген сенім тілейміз.

Аудан әкімі
Аудандық Мәслихат хатшысы

С.Ж. Шайдаров,
Н.Ж. Туранов.

Юбилейной медали удостоены и наши земляки

В преддверии празднования юбилея Астаны Указом Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева юбилейной медали были удостоены самые уважаемые люди, внесшие немалый вклад в развитие Казахстана и города Астаны. Среди них и 19 нурищев – ветеранов Великой Отечественной войны:

Безбородько Михаил Степанович,
Беляева Мария Николаевна,
Глушко Дмитрий Ефимович,
Драчев Петр Петрович,
Иващенко Николай Корнеевич,
Искаков Ахметбек,
Ишимов Борис Семенович,
Коньков Павел Сергеевич,
Меша Иван Егорович,
Мирошниченко Андрей Семенович,

Свиденко Петр Михайлович,
Скорик Василий Пантелеевич,
Скорик Михаил Пантелеевич,
Старческой Иван Иванович,
Турмаганбетов Умен,
Фоменко Павел Дмитриевич,
Шакенов Ахан,
Шомбинов Елеусиз,
Юсупов Рухлбаян Маликович.

Это особенная медаль. Она педая и единственная, которая в отличие от других вручается всего один раз – в юбилейный год. Число обладателей других наград постоянно растёт, но таких больше ни у кого не будет.

Мы поздравляем всех награжденных и от души желаем каждому крепкого здоровья, долгих лет жизни и семейного благополучия!

Келесіз туған елді сүйіндіріп

Көтеріп тәуелсіздік туын биік,
Келесіз туған өлді сүйіндіріп.
Өттіңіз талай қиын асулардан,
Кеудеге сан ғасырдың сырын құйып!..

Жүрген соң қанатынды көкке жайып,
Атағын жер жүзіне кеткені анық.
Ішінде аз жылдардың әлем білген,
Менің Ұлы Отаным,
неткен алып!

Қазақтың мойындатсаң алыптығын,
Байтақ ел,
Қолдап отыр халық бүгін.
Еңсесі биік осынау туған елді.
Жырлай бер,
Жырла сен де, шабытты үнім!

Бірлігін, қаншама ұлттың татулығын,
Айшықтап,

Ай-жылдарым жатыр бүгін.
Жебей гер,
Кекте тәңір,
Жерде халқы,
Қазақтың Нұрекендей ақылды ұлын!

Төбіренбей отыра алсын ақын қалай,
Ерлікпен, ел бастаған батырлар-ай!
Жалғасып құрлық, мұхит бір ниетпен,
Бөлініп тыныштыққа хатыр менай.

Жылытқан небір ықтар жанерларды,
Келесіз, асқақатып,
Ақ-Орданды,
Жасаған ерлік ісін, халқын үшін
Тарихта,
Ел есінде қалар мәңгі!

Марғұға Айтқожа,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Тәуелсіздік символы

Астана- ешкімді бейжай қалдырмайтын қала.

Астана – шетелдік қоңақтарды, дәрежелі тұлғалар мен қарапайым жандарды да, атақтылар мен қатардағы адамдарды да, қысқасы, алыс-жақыннан келгендердің бар-шарсыз біз тамсандыратын шаһар. Астана – осы мекенде болғандар мен оны төледидардан тамашалағандардың, осынау қалада туғандар мен басқа елдерден келгендердің, қысқасы, барлық қазақстандықтардың кеудесін көрнеген мақтанышы. Астана ақиқат жайттар мен ой-қиялдан туған оқиғалардың фильмдер мен ән-жырлардың, кітаптар мен аңыздардың алтын арқауына айналған.

Астана қақталғанбас кәпәтке ие. Әлемде бір-біріне егіз қозыдай ұқсайтын қалаиықтар көп болса да, бір-бірінен айнымайтын астаналарды табу қиындық қиыны. Өйтпесе, әлем елдері елордаларының ішінде Астананың орны айшықтанып тұрмақ.

Иә, бұл өте жас қала: шаһардың осыдан он жыл бұрын елорда мәртебесін иеленгеннен бері жылнамасы адамзат тарихы үшін қасқағын сәтпен пара-пар екендігі сөзсіз. Алайда, бұлқаланың шежіресі тарих төреңнен тамыр тартады.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Еуразия жүрепінде» атты кітабында Қазақстанның қазіргі астанасы адамзат атам заманнан бері мекен еткен аумақта қоныс тепкендігін атап еткен. Оған ғылыми негіз де бар. Археологтар қазіргі Астананың оңтүстік-шығыс бөлігінен орта ғасырдағы Бұзқоқ қалашығының орнын тапты. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, сонша VIII ғасырда іргесі қаланған қалашық қызырлар бойы салқар Сарыарқаның саяси және рухани орталығы қызметін атқарыпты.

Астанадағы ауыл жастары

Ертең ел ордасы Астана қаласына 10 жыл толады. Бұл мерекеге жалпы Қазақстан болып жан-жақты дайындалуда. Астана – өсем қала, арман қала деп жиі аталып жүр. Сонымен қатар өсіп, өркендеп келе жатқан жас Астананы жастар қаласы деп те айтады.

Бұл дұрыс тұжырым. Астанада Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ті, Ұлттық музыка академиясы, Медицина академиясы, С. Сейфуллин атындағы Аграрлық университет және тағы басқа жоғары оқу орындары мен колледждері бар. Мемлекеттің негізгі қаласында білім алу әрі сапалы, әрі беделі жоғары деп айтылатының білеміз. Дей тұрсақ та, барлығы білімге байланысты екенің ұмытпайық. Ал, білімді болуға ұмтылу әрбір адамның санасына тиесілі іс. Өдетте, өнер адамдарының көп бөлігі ауылдан шығады дейтін сөз бар ғой. Бірақ, ауыл жастары тек өнер жағынан емес, заң, экономика, қаржы, техникалық мамандықтар бойынша да талапты. Мәселен, алақандай ауыл Тікенектінің өзінде жиырмаға жуық мектеп түлектері Астананың оқу орындарында білім алып жатыр. Алды оқуларын өте жақсы аяқтап, кейінгі түлектер Астанаға ат басын тіреуде. Сол үшін де Астана үміттің қаласы делінгені дұрыс шығар? Ата-аналарының мақтаны-

Бір айта кетерлігі, әлемде қарама-қайшылыққа толы күрделі кезеңде астана мәртебесін иеленген қала кемде-кем. Осы орайда, 1997 жылды Қазақстан тарихындағы оңай уақытқа жатқыза алмасымыз анық. Ақиқатын айтар болсақ, тәуелсіздігі тәй-тәй басқан жас мемлекеттің елорданы ауыстырудан басқа да маңызды жұмыстары толып жатыр деген пікір ұстанушылар көп еді. Расында, еліміз дағдарысты бастан еткеріп жатты: Кеңес Одағының құлауы, жоспарлы экономиканың күйреуі, нарықтық қоғамдағы адамдар, бастапқы қорды жинау кезеңі, зейнетақы мен жалақының төленбеуі, өндірістің тоқырауы... Көп тізбелемей қысқа қайырсақ, шын мәнінде күрделі кезең болатын. Алайда, Қазақстан қиындықтарды қайыспай көтере білді. Қилы кезеңге қарамастан, еліміздің халқының еңбексүйгіштігі мен қажыр-қайратының арқасында Еуразия жүрепінде жаңа астана бой көтерді.

Астананың сән-сәулеті барша халықтың көз талдында дамып келеді. Бұл орайда, Қазақстан Президентінің қиял-нан туындап, бүкіл әлемге өйгіленген Бәйтерек сынды символы, өйгілі сәулетші Норман Фостер салған Бейбітшілік пен келісім сарайы, әкімшілік ғимараттары ауызға алды-мен ілігеді. Жуық арада осы аталған сәулет туындыларының сапын «Хан Шатыр» толықтырмақ.

Астана – еңбексүйгіш жандардың, жаңаша ойлай білетін адамдардың қаласы. Бұл қалада елімізді қазіргі таңдағы саяси элитасы топтасқан. Дәл осы жерде болашақ кешбасшылар қалыптасады. Жай кезге бай-қала бермес де, жаңа елордамыздың ілгерілеуіне өзіндік үлестерін қосып жатқан мыңдаған қарапайым еңбек адамдары да Астанада жүр.

Астанаға судай сіңіп, тастай батып жүрген боз бала мен бойжеткендер мыналар: Абильдина Айдана Тұран университетінде юриспруденция факультетінде, Ержанова Құралай басқару институтының экономика факультетінің қаржы бөлімінде, Абдуллина Меруерт, Аубакиров Берік Аграрлық университетте, Абаков Болатбек, Тажимова Айзада Еуразиялық гуманитарлық институтында юриспруденция мамандығы бойынша білім алып жатыр. Ал, Абдуллина Гүлдана Биыл Аграрлық университетті қызыл дипломмен тәмамдады. Сонымен қатар Кенжетәев Берік Тұран колледжін заңгер мамандығы бойынша аяқтады. Ал, Аппасова Құралай, Көшенова Саяжан медициналық колледжде, Жалбаева Айнұр, Жанабекова Гүлжарқын, Ыбраева Эльвира Астана гуманитарлық колледжінде оқып жатыр. Осы жастардан өз мамандығының нағыз білгірі, бір-бір маман шығары сөзсіз. Ата-аналарының үмітін ақтап, перзенттік парыздарын өтеп жатса нұр үстіне нұр болар еді. Ертеңгі жарқын болашақ осындай қазақ жастарының қолында.

Болағез СЕМБАЙҚЫЗЫ
Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің журналистика факультетінің студенті

Приглашаем на праздник!

6 июля в 16-00 со стадиона «Нура» п. Киевка начнется праздничное шествие трудовых коллективов, общественности, проводимого в рамках музыкального каравана «Сәлем, саған Астана», посвященного празднованию 10-летнего юбилея нашей столицы.

Целью проведения мероприятия является развитие чувства патриотизма подрастающего поколения, укрепление гражданского межэтнического мира и согласия, пропаганда города Астаны как олицетворение нового, динамично развивающегося Казахстана, символа обретения независимости нашей республики. В программе музыкального каравана – проведение праздничного шествия, участники которого пройдут по улицам г.Киевка, выступления коллективов художественной самодеятельности сел района, национально-культурных центров. Завершение шествия – на Центральной площади поселка, где состоится праздничный гала-концерт. Также в рамках празднования 10-летнего юбилея столицы, пройдут спортивные мероприятия по видам: футбол, шашки, поднятие тяжестей, армреслинг, перетягивание каната. Завершит обихорную программу празднования юбилея столицы тематическая молодежная дискотека на центральной площади.

Сессия районного Маслихата

Основные показатели полугодия выполнены

На прошедшей 17 июня седьмой сессии районного Маслихата перед депутатами с отчетом о проделанной работе выступил заместитель акима района Б.Б.Коцегулов...

Было отмечено, что поступление доходов в местный бюджет по всем видам налогов на середину июня выполнено на более чем 130 процентов, а объем промышленной продукции - почти на 200 процентов.

Неплохие показатели дал району малый бизнес, где по сравнению с прошлым годом в первом полугодии объем произведенной продукции (работ, услуг) выполнен почти на 120 процентов.

Касаясь социально-экономического развития Нуринского района, было отмечено, что на 102,5 процента больше, чем за этот же период прошлого года было назначено государственное пособие 621-й семье, имеющей 1537 детей до 18 лет...

Что касается инфляционных процессов первого полугодия, то было отмечено, что по ста-

стистическим данным и данным отделов, ведущих мониторинг, прослеживается рост на основные виды продуктов питания и энергоносителей, по снижению которого в районе ведется постоянная работа.

Среди положительных моментов отмечается открытие коммунального предприятия «Каратал», производящего услуги по вывозке мусора, откачке септиков и водоснабжения населения...

Кроме того, Нуринский район в этом году ведет строительство 22 объектов на сумму 483,8 миллиона тенге, а также реконструирует баню (выделено около 30 миллионов, освоено 11,5 млн), одно административное здание...

В преддверии празднования 10-летия Астаны и 80-летия Нуринского района в районе проводился трехмесячник по благоустройству.

Среди других важных моментов были озвучены рейтинговые оценки акима Нуринского района по здравоохранению, а именно нулевой показатель материнской смертности, снижение смертности от туберкулеза от 2 до 6,7 процентов (2007г. - 3-10 процентов) и нулевой показатель запущенных случаев туберкулеза...

Алтын той

Тату шаңырақ – бақыттың шаңқай түсі



Елу жыл отасқанда бір ауыз қатты сөзге келмеген тату-тәтті отбасының бүгінгі төуелсіз отанымыздың ұл-қыздарына енеге болар өмірін әңгімелес бұрын оқырмандарымызға қос ардагердің ғұмыр тарихын еске сала кетейін. Махмет Темірұлы мен Мараш Мәмбетқызы газет оқырмандарына таныс адамдар, тіпті тарихи тұлғалар деуге де лайық.

Ауданымыздың атақты қаламгер-жазушысы Махмет Темірұлы жайлы айтар дүние өте көп. Ол кісі арман күйі Алматы қаласындағы шет тілдер институтының ағылшын тілін факультетіне оқуға түседі. Сол кездері ауданымыздың белгілі ақын-жазушысы Бүркіт Ысқақовпен бірге жолдас болып, студенттер арасында «ЕСЕП» (елін сүйген ерлер партиясы) деген Кеңес үкіметіне қарсы жасырын ұйым құрған.

Махмет аға сол институтта оқып жүргенінде 1951 жылдың 18 қаңтарында тұтқындалып, РСФСР қылмысты істер кодексінің 58 бабымен Бүркіт Ысқақов және Айтбай Нарешев үшеуін Қазақ Республикасының Жоғарғы соты 25 жылға соттап, қосымша 5 жыл азаматтық құқығынан айыратын үкім шығарған.

Махмет ағаның әдебиетке, елестіге құмарлығы ерте басталған. Өзінің шығармала-

рында ұнатпайтын қоғамды мадақтаудан гөрі туған елінің дербес мемлекет болып, еркіндік алғаннан кейін қайта қанаттанығанын суреттеуді жөн көрді.

1996 жылы «Қилы кезеңдер» деп аталатын өлеңдер жинағы жарық көріп, бұл жинаққа бүкіл қазақ халқын құртып жібере жаздаған 1932-33 жылдардағы аштық алапатын бейнелейтін «Мешкей мешін» атты поэмасы кірген. 1998 жылы «Арман мен азап» атты естелік кітабы және 2002 жылы «Қуан қазақ азаттық алғанына» деген кітабы жарық көрді.

Одағының мүшелігінде. Сексеннің сөңгірінен асып кетсе де, қолынан қалам түсірмей келеді. «Азаттық аңсап азал шеккендер» атты кітабы таяуда басылады. Сонымен қатар, ауданымыздың 80 жылдық мерейтойына шашу ретінде «Нұрлы Нұра ақындары» атты өлеңдер жинағы да мерейтой қарсаңында басылып шықпақ.

«Қазақ қонақжай кендігімен, әйелдерінің ізеттілігі және кең пейілімен аты шыққан халық, Махмет ағаның бәйбешесі апа да кейінгі келіндерге сабақ болсын деп айтар жақсы қасиеттер көп-ақ.

Кеп жылдық ұстаздық еткен Мақаң аға ез балаларын тәрбиелеуде қазақтың салт-дәстүрін негізге алған. Балалары ата-ананың, үлкеннің алдынан кесе көлденең өтпейтін ілтипатты, кішіпейіл жандар.

Махмет аға мен Мараш ана 10 бала тәрбиелеп жеткізген абзал жандар, жастарға, өздерінен кейінгілерге, ауылдастарына үлгі-өнеге. Қыздары Сәуле, Зәуре, Дәуре, Дәмет, Үміт, Меруерт, Сұлдары Дәулет, Дулат, Думан, Нұржан бәрі де бір-бір отау иесі. Әке-шешесінің алтын тойын осы балалары өткізгелі жатыр. «Ұяда не көрсен - ұшқанда соны ілерсің» дегендей. Мараш анадан тәрбие алған қыздар құрған отауларының шыр айын кіргізген берекелі жұбайларға айналған.

Халқымызда: «Жақсы әйел жаман еркектің есіктегі басын төрге сүйрейді, жаман әйел жақсы еркектің төрдегі басын есікке сүйрейді.» деген сөз бар. Осы екеуін де өмірден талай көріп жүрміз. Бес жыл институтта оқып бір адамға (өлде миллиондарға) жетер ақыл-ой жинаған, «Махабаттың күдіреті - күші әлдилеп» қосылған жастар «иттің басына ірікті тегілген» молшылық заманның өзінде тар төсекке сиыса алмай, әке-шешесіз жетімдерді қаптатап жатқанда біз әңгімелеген өкі қария сол бір теріс ағысқа сәл-пәл тосқауыл бола алса мақсатымыздың орындалғаны дейді.

Біз алтын той иелеріне мықты денсаулық, амандық, көл-көсір бақ-дәулет тілейміз.

Суретте: Алтын той иелері Махмет аға мен Мараш апа. АЙНҰР НҰРДӘУЛЕТҚЫЗЫ.

Нұра ауданының 80 жылдығы қарсаңында Әр нұралық үлес қосса..

деген ниетпен аудандағы үкіметтік емес ұйымдар, яғни ақсақалдар алқасы, ардагерлер, әйелдер кеңесінің бірігуімен аудан орталығында ауданымыздың 80 жылдық мерейтойына арналған мерекелік шараларды өткізуге демеушілер қаражаттарын тарту мақсатында акция өткізілді

Ауданымыздың 80 жылдығына арналған іс шаралар әзірленіп, бекітіліп, аудандық газет бетінде жарияланған болатын. Сол жоспарланған шаралар аясында үкіметтік емес ұйымдардың ұсынысымен осы акция да ұйымдастырылған. Акцияны ұйымдастырушылар ол жайында аудан тұрғындарын, кәсіпкерлерді, шаруашылық басшыларын және кеше кіндік қаны Нұра топырағына тамған жерлестерімізді алдын ала хабардар еткен болатын.

Орталық алаңға жиналғандарды аудан әкімінің орынбасары З.Даутова алдағы мерейтойға әзірлік жұмысымен, ал дәлірек айтсақ ауданда, әсіресе аудан орталығындағы әлеуметтік мәдени объектілердегі жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының жүру барысымен таныстырды.

Одан соң шараны ұйымдастырушылар есеп комиссиясын құрып іске кірісті. Ең алдымен сахна төріне ауыл ақсақалдары, ардагерлер Ә.Қамзин және И.Старчевой, көп балалы «Батыр ана» Н.Сүлейменова кетерілі, өздерінің зейнетақыларынан жәшікке 5000 теңгеден сала тұрып, тұрғындарды осы мерекенің бәрімізге ортақ екенін және оған барлық саналы нұралықтардың белсенді ат салысып, өз туған өлкелеріне деген сүйіспеншіліктері мен перзенттік борыштарын білдіруге шақырды.

Бұл шараға сондай - ақ ауданда құрылыс жүргізіп жатқан компаниялардың ерекше белсенділікпен қатысқандығын атап өткен жөн. Олар: «Нұрай строй» компаниясы - осы мақсатта ашылған арнайы есепшотқа 1 млн теңге аударған және де кентті санитарлық тазалау, үйінділерді шығаруға да кеп еңбек жасады. «Элитпроектстрой» компаниясы 100 мың теңге, «Найманстрой» компаниясы 100 мың теңге, «Өндірістік корпорация» 700 мың теңге, «Энергия» ЖШС-і 200мың теңге, «Евразийский консорциум» 150 мың теңге аударып, 20 мың қол ақшамен салды.

Барлық бюджеттік мекеме қызметкерлері, ауыл әкімі аппараттары өз жалақыларынан ақшалай үлес қосты: қаржы бөлімі 10 мың теңге, аудан әкімі аппараты 40 мың теңге, тұрғын үй, коммуналды шаруашылық бөлімі 50 мың теңге, Киевка кенті әкімінің аппараты 20 мың теңге т.б ақшалай салды «Нұра» газетінен 20 мың теңге аударылды.

Кәсіпкерлердің қатысуы мәз болмады. Кәсіпкер Ж.Қарбаева және Н.Отарбаева Н.ғана 50 мың теңгеден ақшалай берді. Шаруашылықтардың барлығы шақырылғанмен олардан ешкім болмады десек те болады. «Қарой» ЖШС -гі 200 мың теңге және өз үлесін бұрын да қосып, қаражат аударса да «Отқан-жар» ЖШС-і 100 мың теңге ақпады. Жан жақтағы жерлестеріміз де шақырылған болатын, олардан келгені қазір Астана қаласында дәріс беріп жүрген Есентай Шайменов қана болды. Ол өз кезегінде бұл шараға арнайы келгенін және Нұрадай туған жері, өлі бар өкінін мактан тұтатындығын. «Туған топырақ, өсіп өнген ауыл дегенде перзенттік сезімің жайып салмайтын адам жоқ» сондықтан да ешқашанда туған жерінде өтіп жатқан айтулы оқиғалардан сырт қалмауды өзіне азаматтық ұстаным өтетінін айта отырып, 50 мың теңге ақшалай қаржы берді.

Әрине, акция азды-көпті қаражатпен өз жеңісіне жетті десек те болады, 3,5 млн. теңге қаражат жиналды, оның 1млн 359 мың теңгесі қол ақшамен, 2,250 мың теңгесі ақша аударымымен. Дегенмен бізді қынжылтқаны аудан шаруашылықтарының бірде біреуінің қатыспаулары. Нұраның нанын жеп, суын сулап отырған өл азаматтары осындай шараның басы-қасында жүріп, бас болмай ма? Ардақты ардагерлеріміз, аяулы аналарымыз, зейнеткерлеріміз өздерінің күнжәрістерінен тырнақтап жиған-тергенінен де қаражат бөліп жатқанда Нұра топырағынан миллиондап астық жинап, мыңғырлатып мал өрбіткен шаруашылықтар мен қожалықтардың қатыспауы өріне, ұяттау болды. Олардың үлес қосып жатқаны да өстіп жатырмыз.

Дегенмен де дәл сол күні ел арасында болып, тағы да бір рет бастарын көрсетсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Шағын бұлақтар қосылып, өзенге айналады. Осындай сын сәтте ұйымшылдық танытып, бірлесіп кіріссек, жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей өз туған өлкеміздің абыройын асқақтататынымыз анық. Ауданның 80 жылдық мерейтойы әрбір нұралық үшін үлкен сын және оны жоғары дәрежеде өткізу - абыройың міндет.

Г.Түсіпбекова, ұйымдастырушылар атынан

Өкім

Киевка кентінің өкімі

15 қаңтар 2008 ж Қазақстан Республика Әділет министрлігі Қарағанды облысы Әділет департаменті

Нұра ауданы Әділет басқармасы Нормативтік құқықтық акт 2008 жылғы «18» 02. нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №8-14-66 болып енгізілді.

Киевка кентінің көшелерінің аттарын өзгерту туралы.

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-геогра-

фиялық объектілерді атау және қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы» № 281 қаулысын басшылыққа ала отырып және Киевка кентінің Ленин, Киров, Пржеваль, Скалозубов көшелерінің тұрғындары атынан ұсынылған көшелерінің атын өзгерту туралы етінулеріне қарап:

- 1. Киевка кентінің келесі көшелерінің атаулары өзгертілсін: 1) Ленин көшесі Тәуелсіздік көшесіне, 2) Киров көшесі Жамбыл көшесіне, 3) Пржеваль көшесі Ш.Уәлиханов, 4) Скалозубов көшесі Жолдыкөй Нұрмағанбетұлы көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Б.Шайжанов, кент өкімі.

Спасибо !!!

Многодетная семья Пшебулинских и социальных работник Р.Р.Герт из села Заречное сердечно благодарят акима района Серика Жаманкуловича Шайдарова за чуткое и внимательное отношение к просьбам малообеспеченных слоев населения и оказанную материальную помощь в виде стиральной машины.

Большое Вам спасибо!

Дат ағайын!!!

Аудан елдімекендерін көркейтуді, көгелдендіруді, санитарлық тазалау мақсатында Киевка кентінде қаншама дүркін іс-шаралар жасалау. Өзім турып жатқан П.Резников көшесіндегі көп жыл бойы қабатталған қоқысты аудан әкімі С.Шайдаровтың тапсырмасымен «Қаратал» КММ-сі тазартқан болатын. Таудай болып үйілген қоқыстан гөрі тақыр жер әлдеқайда жақсы көмес пе? Дәл сол жерге жұрт қайтадан «күл-қоныс» атты артық затты тастап жатырсыздар. Бұларыңыз бұл жолы артық кеткендік деп есептеймін. Қаншама қаржы жұмсалған жұмысқа тағы сондай мөлшерде шығындала-мыз ба? Өлде біздің ақша жұмсайтын басқа мақсатымыз, амалымыз жоқ па? Тазалық болса өзімізге, кеше бойында шұбырып ойнаған бала-

ларымызға жақсы ғой. Одан да қоқысқа кететін ақшаны басқа мәдени іс-шараларға, мерейтойға немесе жөндеу жұмыстарының игілігіне жұмсаған дұрыс темес пе?

Бұл әрбір адамның санасының желкесіндегі жауапкершілік. Мерекені кешелерімізге деген мейіріммен қарсы алайық! Өз денсаулығымыз өз қолымызда!

Қоқысты тастамайық, Көшені ластанмайық, 80 жылдық қарсаңында, Жаман іс бастамайық. Осы сіздерге дат ағайын!!!

Г.Көлзақова, Киевка кенті

Сделаем свой поселок краше

Всем, кто живет рядом с бывшим Домом пионеров или коротает путь до дома с работы, была хорошо знакома огромная несанкционированная свалка, которую год от года дежали все больше и больше многие жители близлежащих домов, и которая сегодня ликвидирована по инициативе акима района силами КГП «Қаратал» за счет бюджетных средств. Оно ведь и легче - подбросить куда-то свой мусор, избавив себя от ажагодного его вывоза, да еще и уплаты денег за это. Оградившись от лишней проблемы, многие из нас не задумываются, что мы не просто засоряем экологию, нанося вред собственному здоровью, но и невольно учим своих детей, что так поступать можно.

Надеюсь, что с открытием коммунального хозяйства «Қаратал», наш поселок станет еще краше, а жители более ответственно подойдут к уборке своих территорий, благоустроивая и уличная улицы от мусора, зопы и навоза. Было бы неплохо, если бы каждый, хоть изредка вспо-

минал, что коммунальным хозяйством затрачиваются на вывоз мусора бюджетные деньги, которые можно было бы пустить на другие цели, опять же делая наш родной поселок красивее и современнее.

Сегодня, в канун празднования 80-летия Нуринского района хотелось бы обратиться ко всем своим землякам: давайте встретим юбилей достойно. Ведь наводим же мы порядок, ожидая в доме гостей. Так почему же в нашем общем доме мы не сможем навести такую же чистоту, благоухоющую цветами, а не отходами с помоек.

Всего-то и надо - начать со своего двора и улицы. А когда станут заметны результаты, нам и самим захочется, чтобы так было всегда. Главное помнить, что делаем мы это не для кого-то, а в первую очередь для себя и своих детей, которым здесь жить.

А.Селезнева, ветеран труда

Ауданның 80 жылдығына

Еңбек ете білген екі адам жайлы...

Ғасырға жуық уақытта ел үшін еңбек еткен еңбекқор азаматтар дүниеге келіп, бүгінгі күні аузы дуалы ақсақалдар ауданмен құрдас. Сондай, 80-нің сенгеріне жетіп, бүгінде еңбегінің зейнетін көріп, немере тәрбиелеп отырған қариялар жайлы біршама ақпарат бермекпіз.

Олардың бір Нұра ауданы, Тікенекті ауылының тұрғыны Жанабеков Шорман. Жанабеков Шорман ата 1928 жылы мамырдың 14-де Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қараегін ауылында дүниеге келген. Еңбек жолы соғыс кезінде 14-15 жасында басталған. 1949-1955 жылдары Қарағанды облысы, Кирова шахтасында жұмыс істеген. Теңіз өңіріне 1961 жылы келген. Бұл жерде осы жылдары тракторист болып, бригадирлік қызмет атқарған. Соңғы айналысқан кәсібі мал шаруашылығы, қой бағу. Шопандықты жиырма жылдан астам уақыт атқарып, зейнетке шықты. Кезінде бұл кісі де қой төлін табысты беріп, аудан бойынша аты аталып, газетке де шыққан. КСРО уақытында цели-

наға қатысқаны үшін «За основание целинных земель» орденімен марапатталған. Ұлы Отан соғысының алпыс жылдық мерейтойына орай Нұра ауданы мерекелік медаль табыс еткен. Шорман ата 13 бала өсіріп, немерелерінің қызығын көруде. Сонымен қатар көрші Жанбөбек ауылының тұрғыны Серікбеов Ғалымжан атамыз да осындай еңбек жолын атқарған. Ол кісі 1928 жылы шілденің 13-де туған. 1976 жылы Қаракойын(Жанбөбек) ауылына көшіп келіп, шопан болды. Сол еңбегінің игілігімен зейнеткерлік демалысқа жіберілді. Тоғыз бала тәрбиелеп, немерелер өсіріп отыр. Жастайынан табылмай еңбек етіп, бүгін соның зейнетін көру аталарымыз үшін үлкен бақыт. Дендеріңіз сау, өмір жастарыңыз ұзақ болсын дей отырып, жастар сіздердей адамдардан үлгі алса екен дейміз.

Ботагөз СЕМБАЙҚЫЗЫ, Тікенекті ауылы

Қасиетті Нұраның оқығанынан тоқығаны көң, білімдер да сыйлы азаматтары.

Мен осы ауылдың абзал азаматтарымен көп жылдар бірлесіп қызмет еттім. Жұмыс бабында болсын, басқа уақытта болсын ол кісілерді аға тұтып, өте қатты сыйлайтын едім. Өйткені ол кісілер қандай сыйға да ардақтап, мақтануға тұрарлық азаматтар еді. Осы кісілер жайлы естелік жазу туралы ой Нұра ауданының 80 жылдығынан үш ай бұрын ойыма келген еді. Соны жазсам деп ойланым, бірақ батылым бармай толғаным журушы едім. Себебі, бұл азаматтар жайлы жазу үлкен жауапкершілікті жүктейді. Ол кісілердің кісілігі мен парасаттылығын, білімділігі мен зиялылығын, ақылы мен асылдығын, оқырманға жеткізе алмасам, олардың аруағының алдында кінәлі боламын.

Осы кісілердің жан-жақты таланты мен жаратқан иеміз сыйлаған оқусыз-ақ, өмірдің университетінен алған білімдерін оқушы қауым мен жастарға жеткізу үшін, мен тәрізді қарапайым механик емес, үлкен білімді журналист, әлде тарихшы, жазушы болу керек деп пайымдадым. Ал жазбайын десем, ол кісілерді кезінде жақсы таныған, қадір – қасиеттерін білетін адамдар қатары сиреп қалды. Бізден кейінгі ұрпақтың көпшілігі ол кісілерді білмейді, ал қазіргі нарық заманындағы жастар мүлдем түсінбеуі мүмкін.

Осы жағдайларды ескере отырып және ауданымыздың 80 жылдық мерейтойының қарсаңында қолыма қалам алып, жазуды шештім. Бұл кісілер аудан шаруашылығының көркеюіне, халқының дұрыс тәрбие алуына елеулі еңбектерін аяған жоқ еді.

Егер ойымды толық жеткізе алмай, осы кісілердің болмысын аша алмасам олардың ұрпақтары мен ол кісілерді білетін адамдардан көшірім етуді өтінемін. Сонымен қатар бұл естелікті мен жазбасам, басқа адам жазар ма, жазбас па? деген ой-түрткі маза бермеді.

Сонымен нартауекел ете отырып, Нұраның өзім білетін және қызметтес болған, аздап болса да араласқан тел-тума, оқығандарынан тоқығандары көп, бір туар арыстары мыналар: Балабиев Балтабай, Даутов Ахметжан, Сандыбаев Зиянды марқұмдар туралы (иманы жолдас болсын) өзім білетін естелігімді баяндаймын. Ол кісілердің фәни-жалғандағы өмірі көпшілікке үлгі болуға, ұрпақтарына мақтаншы болуға толық жарайтынына өз басым күелік бере аламын.

Балабиев Балтабай ақсақал 1912 жылы туған. Ол кісінің біз білетін бар оқуы әуелі 4-класстық бастауыш мектеп, одан кейін ауылдық советте хатшылық қызмет атқарып, еңбек жолын бастаған. Кейін ауыл-шаруашылық басшыларындайын бір жылдық курсты оқып, тамемдаған. Одан атқарып жүрген қызметі бойынша бір-екі рет білімін жетілдіру курстарын оқыған. Ол кісі ұзақ уақыт Нұра ауданы бойынша, сол кездегі ең жауапты әрі үлкен лауазымды қызмет – ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, яғни сатып алу министрлігінің қызметін атқарған. Ол министрліктің осы құрамы тартылған соң, ол кісі сол кездегі Путь-Ленина колхозының басқарма төрағасы, кейін осы совхоздың директоры қызметін 1964 жылдың мамыр айына дейін атқарды. Осы жылы ҚазССР үкіметінің қаулысы негізінде шөл және шөлейт аймақтарға қой өсіруге мамандандырылған кеңшарлар (совхоздар) құру қолға алынды. Осы қаулыға сәйкес біздің Нұра ауданында жаңадан екі кеңшар ашылатын болды. Олар: Балықтыкөл және Амантау. Осылардың бірі Балықтыкөл кеңшарын ұйымдастыру, тәжірибелі әрі іскер басшы Балабиев Балтабайға жүктелді. Осы міндетті 1972 жылға дейін абыроймен атқарып, жапан далаға (осы сөздің тура мағынасында) ауыл тұрғызып, аудан көлеміндегі ең ірі, әрі алдыңғы қатардағы кеңшарды аяғынан тұрғызып, жасы келуіне байланысты зейнет демалысына абырой-атақпен шықты. Осы жылдар ішінде кеңшарда қой саны отыз мыңнан асса, жылқы саны мыңға жуық болған еді. Осы еңбектері үшін ол кісі 1970 жылы Еңбек қызыл ту орденімен, ҚазССР жоғарғы кеңесінің құрмет грамотасымен марапатталды. Ал, 1958 жылы Путь-Ленина ұжымшарын (колхозын) басқарған жылдары сол кездегі ең жоғары марапат Ленин орденінің иегері атанды.

Балтөкеннің жадына сақтау қабілеті өте жоғары болатын. Ол кісі тапсырылған шаруаны ешқашан ұмытпай, істің соңына дейін жасалуын жіті қадағалайтын. Сонымен қатар сол кездегі орталық комитеттің министрлер кеңесінің ауыл шаруашылығы жөніндегі қаулы, қарарларын радиодан ести сала есіне сақтап, қарамағындағы біздерден соның үнемі орындалып отыруын талап ететін. Ол өте талапшыл және орынды қатал басқарушы еді. Осы қасиеттері шаруашылықтың ойдағыдай дамуына негізі біздер, сол кездегі жастар кейін түсініп, зердемізге түйдік. Балтөкенмен сегіз жыл бірге жұмыс істедік. Мен кеңшардың бас инженері әрі директордың өңдіріс жөніндегі орынбасары қызметін қоса атқар-

дым. Сол кезде аудан көлемінде жерөлдікті халық өкілінен шыққан жоғары білімі бар инженер-механик мен ғана өкенимді кейін білдім. Міне, осыған қарамай өмір университетінің оқуы мен білімін Балабиев Балтөкен тәрізді білімді, алғыр, зиялы, қамқор ағамыздан үйрендік. Ол кісінің мамандар таңдаудағы қабілеті өте жоғары еді. Сол жылдары ол кісі бірнеше кеңшар директорларын тәрбиелеп шығарды. Солардың бірі осы жолдардың авторы Олардың қатарында Жұмабеков Қуаныш, Нұрғазылов Гайнола сияқты кеңшар директорлары болған азаматтар бар. Қазіргі уақытта олар да зейнет демалысындағы ақсақалдар. Бұл кісілер туралы өте көп жазуға болар еді, бірақ оны газет беті кетермейді. Тек ол кісілерді ауданның мерейтойы қарсаңында құрметпен еске алуды мақсат еттік.

Енді, Даутов Ахметжан ағаға келсек, * ол кісі өте білімді, мәдениетті, өзгеше жаратылған азамат еді. Өз басым ол кісінің қандай оқу төлемдеғанын анық білмеймін. Сондықтан ол туралы нақты тұжырым жасай алмаймын. Білетінім ол кісі біз тәрізді жоғары оқу орнын бітіргендерден сауаттылығы мен білімдарлығы жоғары болатын. Сол кездің қолданысындағы орыс тілінде өте сауатты жаза білетін және ешқандай акцентсіз, таза сөйлеп, орыс тілділермен сөйлескенде кем түспейтін еді. Мен ол кісіні оқу бітіріп келіп, жұмысқа кірісіп, аудан көлеміндегі жиналыстарға араласа бастағанда ғана танып білдім.

Ал, ол кісінің өмір жолынан сырттай естіп, білетінім, ол кісі сол кездегі Алматыдағы жалғыз университетте оқып жүрген кезінде домалақ ауыз жазушылар сыртынан жамандап, байдың тұқымы екенін, кенес өкіметінің жауларының баласы деп, оқудан шөттетілуіне себепкер болыпты. Содан ол кісі өлге келіп, жұмысқа кірісуге мәжбүр болған. Сол жылдары алғашқы аудандық мекемелерде жұмыс атқарып, кейін аудандық газеттің редакторы, аупарткомның жауапты қызметкері міндеттерін абыроймен атқарған. Мәнін ол кімен жақындау таныс болған көзім жеткісізші жылдардың басы еді. Ол кісі сол кезінде аудандық тұтынушылар одағының басшысы міндетін атқаратын. Бұл жұмысты ұзақ уақыт абыроймен атқарды. Бірақ, сол кездегі салқын саясаттың көсірі ме? Өйтпей бізге беймәлім сәбептермен, ол кісі осы жұмыстан алып, аудандағы жалғыз сүт өңдейтін зауытты басқаруға жіберді. Бұл кісі қандай саладағы жұмысты болмасын тез ігеріп алатын. Басшылық еткен зауыттың жұмысын жақсартып, ілгері пайдамен жұмыс атқаратын кәсіпорындар қатарына қосып, табандылығы мен іскерлігін таныта білді.

Аханның тағы бір мінезі-ол кісі өзінің қатар құрдастарымен әзілдескенде өте нәзік, өткір де сындарлы қалжыңы бар, тілге өте жетік, шешен адам болатын. Міне,біз білетін Ахан осындай азамат еді.

Ауданымыздың өз қатарындағы азаматтарының ішінде абыройы үлкен, білімді, ойын бүкпейтін кісі айтамын, өте өдіп азаматтың бірі Сандыбаев Зиянда марқұм еді.

Осы кісімен де мен кейін жұмыс бабымен араласқаннан кейін таныс болған едім. Ол кезінде бұл кісі аудан көлемінде үкімет тәртібіне сәйкес аудан бойынша ауылшаруашылық өнімдерін дайындап, үкіметке өткізу жөніндегі инспектор қызметін жалғыз өзі атқарды. Ол кезде аудан көлемінде 17 кеңшар бар еді. Үкіметке өткізетін өнімдердің сапасына сай баға қойылуын өзі қадағалап, бөріне үлгеріп отырғанына біздер тірі куәміз. Ол кісінің де қандай оқу орнын бітіргені маған белгісіз. Ол кісімен қызметтес болған кезімде жоғарғы оқу орнын бітірген адамнан білімі бірде-бір кем емес еді. Жетпісінші жылдардың басында ол кісі совхоздарда бас экономист қызметін атқарды. Сол жылдары Ертіс-Қарағанды каналы бойына қалаларға көкөніс дақылдары мен сүтпен қамтамасыз ету мақсатында «Звезда», «Қазақстан» кеңшарлар құрылды. Егер ұмытпасам Зиякең «Звезда» кеңшарында бас экономист қызметін атқарып, кейін ауданға оралып, Қарой ауылында еңбекке арнасты. Кеңес өкіметі тұсындағы төртін бойынша Кеңшарлардың «ұйымдастыру-шаруашылық жоспары» - деген ете маңызды, келемді құжаты болатын. Ол құжатты арнайы мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттары жылдан артық мезгіл шаруашылық жайын арнайы зерттеп, жасап беретін. Ал, деп осы құжатты Зиякең Тальман ауданындағы бір шаруашылыққа алты ай ішінде келісім шарт негізінде жасап бергенін бір кісіден естігенмін. Ол кісінің білімі мен зиялылығының ауқымын осыдан-ақ аңғаруға болады.

Жоғарыда аттары аталған азаматтарды еске алып, ол кісілердің еңбек мен қабілетін кейінгі ұрпаққа үлгі етуді мақсат етіп, осы естелікті жазуды міндет деп есептедім.

Қ.Досжанов, Кертінді ауылы.

Еңбек етіп өткен ер тұлға.

Дәулен Төлеубаев, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген ауыл шаруашылық қызметкері, КОКП-ның 24 съезінің делегаты, Ленин, Октябрь революциясы Ордендерінің иегері, шопан. Теңіз өңіріндегі 22 партсъезд кеңшарында шопан болып еңбек ете жүріп, қой шаруашылығын дамытуда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген.



Биыл Нұра ауданы мерейлі 80-жылға толып отыр. Ауданның 80 жылдық тарихын баяндайтын болсақ, жеткен жетістіктері өте көп. Алайда, деп осы ауданмен құрдас болып, әрдайым еңбек етумен келген үлкен ел ағалары жайында сөз қозғасақ артық етпес. Бүгінгі жас буын, ертеңгі ұрпақ сөз етпек болып отырған аталарымыз жайлы білуі тиіс. Сондай апталы азаматтардың бірі, халқының жүрегінде мені сақтаулар атамыз Төлеубаев Дәулен Төлөубайұлы жайлы жазуды ұйғардық.

Дәулен Төлеубайұлы 1927 жылы

Шаршам

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Жұмай ауылында дүниеге келген. Қазақта «он үш жаста отау иесі» деген салмақты мақал бар ғой. Міне, бұл кісі де Ұлы Отан соғысы жылдары балалығына бас ұрмай он үш жасынан еңбек жолын бастап кетті. Сол тынымсыз еңбекқорлық сол кездегі Коммуна колхозынан басталып еді. 1961 жылы колхоз 22 парт съезд атындағы кеңшар болып өзгертілді. Ол жер қазіргі Нұра ауданына қарасты Жанбөбек ауылы. Табиғаты мал өсіруге әбден қолайлы, жері шұрайлы, шалғайда жатса да, көптің жүрегін жылы орын алған ауылымыз. Аталмыш ауылда Дәулен атамыз зейнеткерлікке шыққанша дейін де, кейін де еңбек етіп өтті. Айналысқан кәсібі қазақ халқының сүйегіне сіңіп кеткен төрт түліктің бірі қой малын өсіру еді. Өз ісінің сөзсіз шебері атанған Дәулен атамыз КСРО уақытында қой төлін есебінен артық тапсырып, саның көп мөлшерде артыра білген. Ерең еңбегінің арқасында аға шопан болып қызмет етті. 1971 жылы 22-ші партия съезінің делегаты болып қатысты. Бірнеше рет аудандық облыстық кеңестің депутаты және аудандық, облыстық партия конференцияларының делегаты болып сайланды. Дәулен атамызға 1967 жылы Социалистік еңбек ері атағы беріліп, Ленин орденімен марапатталды. Қазақстан Республикасының ардагерлер алтын кітабына және Қазақстан Республикасының энциклопедиясына есімі енгізілді. Октябрь революциясы Ордені және басқа да көптеген медальдары бар. Нұра ауданының құрметті азаматы.

Еңбекқор, қайсар, өз ісінің шебері атанған Дәулен атамыз бір туар тұлға болатын. Өкінішке орай өткен жылдың көктемінде табиғаттың теріс мінезінен қасындағы бірнеше адамдармен бірге фәниден бақиға аттанып кетті. Десек те, еңбегімен Ер атанған, туған-туысқандарына зор мақтаншы, ал жастарға үлгі алар үлкен адам! Өз халқының ұлы!

Ботагөз Сембайқызы,



Көбетеі ауылының тұрғындары ардақты әкеміз Темірұлы Махмет пен жан анамыз Мараш отбасы құрғандарына биыл 50 жыл толып отыр. Жарты асыр тату-тәтті өмір сүріп, 10 бала тәрбиелеп өсірген әке-шешемізге зор денсаулық тілей отырып, мына өлен жолдарын арнаймыз (жолдаймыз):

Әкем асты сексеннің сенгірінен
Үлгі алар өнеге көп өмірінен.
Жетпіске жеткен менің жан анашым
Жарты ғасыр қол ұстасқан теңіменен.
Өтіпті содан бері жарты ғасыр
Дегенде мерейлі той көңілің тасыр.

Ағайын, туған-туыс, дос-жарандар
Жинап-ап той жасауда ұлан-асыр.
Моймай алдан шыққан жан азапқа.
Қасқа қарай білді сам тозаққа.
10 бала тәрбиелеп мына өмірде
Үлгі-өнеге көрсетті бар қазаққа.
Жеткен бар бұл күндерге, жетпеген де
Уақыт та зыр етіпті бір-ақ демде.
Сыйластықпен өткізіп 50 жылды

Алтын той иелері отыр терде.
Шаттығым бұл халқыма жариялар
Асып-тасып жатыр кең дариалар.
Алтын тойға алқынбай жете білген
Аман жүрсін ортамызда қариялар!

Құттықтаушылар: балалары Сәуле-Серік, Зәуре, Дәуре, Дәмет-Сайран, Үміт-Қуаныш, Дәулет-Гүлжан, Дулат-Жазира, Меруерт-Қуат, Думан-Әсем, Нұржан және немерелері, жиендері, шөберелері.

Военно-патриотическое воспитание

Напутствуя молодых автомобилистов

В завершении учебного года в частном учреждении - Нуринаском профессионально-техническом учебном центре

Они вспомнили о том, как сами когда-то обучались на шофера, как и где работали, поделились мастерством водителя



